

**«8D03105 – Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Нышанбаев Нурболат Кайратовичтің «Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесіндегі мемлекет сыртқы саясатындағы көпвекторлы саясат принципі: Қазақстан Республикасы мысалында» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

**ПІКІР БЕРУШІНІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

№	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі	Ресми пікір берушінің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қатысты стратегиялық құжаттармен тығыз байланысты. Зерттеу 2020–2030 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Сыртқы саясат тұжырымдамасында айқындалған көпвекторлы дипломатия, ұлттық мүддені халықаралық деңгейде ілгерілету және сыртқы саясатты экономикалық бағытқа бұру қағидаларын ғылыми тұрғыда талдайды. Автордың ұсыныстары халықаралық қатынастар жүйесінде Қазақстанның орны мен ролін заманауи тұрғыда пайымдауға мүмкіндік беріп, ұлттық ғылыми басымдықтармен үйлеседі.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	1. AP08857403-OT-20 «Биліктің транзитінің Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына әсері: жаңа мүмкіндіктер мен жаңа сын-тегеуріндер» «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ; 2. BR18574168 «Орталық Азия елдерінің өңірлік интеграциясын тереңдетудегі Қазақстанның ролі және жаһандық заманауи үрдістер аясындағы елдің тұрақты даму мақсаттары» «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ 3. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыты – «Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс» саласына сәйкес келеді.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс халықаралық қатынастар теориясы мен Қазақстанның сыртқы саяси стратегияларын зерттеу саласына елеулі үлес қосады. Автор көпвекторлы сыртқы саясатты «орта держава» тұжырымдамасы аясында кең ауқымды тұжырымдап, жаһандық тұрақсыздық жағдайындағы теңгерімді сақтау құралы ретінде қарастырады. Зерттеудің теориялық және қолданбалы маңыздылығы Қазақстан Республикасының тәжірибесі негізінде шағын және орта державаларға тән сыртқы саясат үлгісін ұсынуымен ерекшеленеді. Еңбекте қолданылған салыстырмалы және тұжырымдамалық талдау әдістері халықаралық қатынастардағы жаңа парадигмалық көзқарастарды қалыптастыруға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері сыртқы саясатты жоспарлау, талдау және болжау саласында қолдануға жарамды, бұл оның тәжірибелік маңызын арттырады. Сонымен қатар, мемлекеттердің (тек қана Қазақстан емес) сыртқы саяси бағыттарындағы «шешім қабылдаушы» лауазымдық акторларына пайдасын тигізеді.
3.	Дербес жазу принципі	Дербес жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертация авторлық стильде жазылып, ғылыми терминдер мен ұғымдарды тұжырымдауында жүйелілік және дәйектілік байқалады. Автордың жеке ғылыми ұстанымы, сыни ойлауы және өз тұжырымдарын қалыптастыру қабілеті айқын. Зерттеу материалы құрылымдық тұрғыда қажетті деңгейде жүйеленіп, пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер талапқа сай рәсімделген. Ғылыми еңбек автор тарапынан өз бетінше орындалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі заманауи халықаралық қатынастар жүйесіндегі геосаяси өзгерістер мен Қазақстанның сыртқы саяси бағытына тікелей байланыстылығымен негізделген. Көпвекторлы саясаттың ғылыми тұжырымдамасы және орта держава ұғымының стратегиясымен байланыстыра зерттеп талдауы қазіргі халықаралық үдерістер аясында ерекше маңызға ие. Автор тақырыптың өзектілігін нақты анықтап, зерттеу міндеттерімен тығыз байланысты зерттеген.

		<p>4.2 Диссертация мазмұны ғылыми еңбектің тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>айқындайды;</u></li> <li>2) ішінара айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды.</li> </ol>	<p>Диссертация мазмұны таңдалған тақырыпқа толық сәйкес келеді және тақырып аясын жан-жақты ашады. Зерттеудің құрылымы, тараушалардың мазмұны мен талдау әдістері тақырыптың ғылыми мәнін терең тұжырымдауға ықпал етеді. Әрбір сараптамалық тарау диссертацияның жалпы мақсаты мен міндеттерін айқындап зерттеу мәселелерін қол жеткізуге үлес қосады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді;</u></li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеті тақырыптың мазмұнына толық сәйкес келеді және зерттеудің логикалық құрылымын қамтамасыз етеді. Автор қойылған мақсатқа жету үшін нақты әрі өзара байланысты ғылыми міндеттерді ұтымды түрде анықтаған. Бұл өз кезегінде зерттеудің жүйелі әрі ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық тараулары мен ережелері логикалық түрде байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан;</u></li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық тараулары өзара логикалық бірізділікпен байланысқан, зерттеу мақсат-міндеттерімен үйлесімді түрде құрылған. Теориялық, сараптамалық және тәжірибелік тараулар арасында ішкі құрылымдық тұтастық сақталған. Ғылыми жұмыстың мазмұндық бірлігі мен талдамалық дәйектілігі қамтамасыз етілген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар;</u></li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	<p>Автор ұсынған ғылыми тұжырымдар мен теориялық-әдістемелік қағидаттар қажетті деңгейде дәлелденіп, бұрыннан белгілі теориялық ұстанымдармен салыстырмалы түрде талданған. Зерттеуде сыни көзқарас басым, автор халықаралық қатынастардағы тенгерім сақтау стратегиялары мен көпвекторлы саясат тұжырымдамаларын ауқымды негізде пайымдайды. Диссертацияның ғылыми жаңалығын және авторлық ұстанымның негізділігін көрсетеді.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыста «орта держава» және «көпвекторлы саясат» ұғымдарына қатысты авторлық талдаулар және тұжырымдалар ұсынылып, Қазақстан Республикасының сыртқы саяси тәжірибесі негізінде теориялық және тәжірибелік тұрғыда негізделген. Автордың аталмыш бағыттағы тұжырымдары белгілі ғылыми ұстанымдарды дамыта отырып, тақырыпқа жаңаша көзқарас енгізеді. Зерттеу нәтижелері халықаралық қатынастардағы белгілі тұжырымдамаларды ұлттық мүдде аясында пайымдауға мүмкіндік береді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары халықаралық қатынастардағы «орта держава» және «көпвекторлы саясат» ұғымдарын жаңа теориялық тұрғыдан пайымдап, Қазақстан Республикасының мысалында жаңаша ғылыми үлгілеу арқылы ұсынылған. Автор теңгерімдеу стратегияларын жаһандық геосаяси өзгерістер аясында саралап, осы ұғымдарды дәстүрлі теориялық шеңберден шығарып, өзекті мазмұнмен байытады. Зерттеу нәтижелері ғылымда бұрын кеңінен қарастырылмаған мәселелерді қозғайды және посткеңестік кеңістіктегі сыртқы саясаттың өзіндік үлгісін ғылыми айналымға енгізеді (диссертациялық еңбек аясында көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасына тұңғыш рет сыни теориялар тұрғысынан сараланып, посткеңестік аймақта прагматикалық құндылықтарға (self-survival) негізделген стратегиялық бағыт ретінде баға берілді. Аталмыш зерттеу қорытындылары, Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамалық бағытын айқындауға көмектеседі). Сондықтан ғылыми жұмыстың қорытындылары толықтай жаңалық сипатында деп бағаланады.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған мемлекетті басқарушылық шешімдер толығымен жаңа мазмұнға ие және халықаралық қатынастардағы көпвекторлы саясатты жүзеге асырудың тәжірибелік тетіктерін қайта пайымдауға бағытталған. Автор Қазақстан Республикасының тәжірибесін негізге ала отырып, орта державаларға арналған сыртқы саясатты теңгерім қалыптастырудың тиімді үлгілерін ұсынады. Аталмыш шешімдер халықаралық жүйедегі геосаяси тұрақсыздық жағдайында мемлекеттердің мүдделерін үйлестіру мен бейімдеу механизмдерін жетілдіруге ықпал ете алады. Зерттеуде ұсынылған мемлекеттік сыртқы саясатты басқару құралдары ғылыми тұрғыдан жан-жақты негізделген және сыртқы саяси стратегияларды жобалауды қолдануға бағытталған нақты тәжірибелік әлеуетке ие.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін qualitative research).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі қорытындылары сапалы (qualitative) зерттеу әдістеріне негізделіп, нақты эмпирикалық және теориялық деректермен дәлелденген (диссертациялық зерттеу жұмысы барысында, сапалық әдістер - жүйелі, академиялық әдістеме ережелеріне сәйкес жасалынған. Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытының қалыптасуы және даму траекториясының басты бағдарларын анықтау барысында мазмұндық талдау (content analysis), swot талдау әдістері біріздендірілген. Сапалық зерттеу барысында әдептілік қағидаттар сақталып, айнымалылар ғылыми әдіснама ережелеріне сәйкес анықталған. Сараптама барысында деректер сараланып, жүйелі талданған). Автор ғылыми әдебиетке шолу жасап қана қоймай, талданған мәліметтер негізінде жеке тұжырымдар мен талдамалар ұсынған. Зерттеу жұмысы гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласының талаптарына сай жүргізілген және қорытындылар логикалық әрі дәйекті түрде дәлелденген.</p>

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған әрбір ғылыми ереже нақты теориялық және эмпирикалық дәлелдермен негізделген. Автор өз тұжырымдарын ғылыми әдебиеттерге, салыстырмалы талдауға және халықаралық қатынастар саласындағы нақты деректерге сүйене отырып дәлелдейді. Әрбір қорғауға ұсынылған, ережелер мен ұсыныстар терең ғылыми тұжырымдық дәлелдерге негізделген. Қазақстан Республикасы мысалында талданған көпвекторлы сыртқы саясат ұғымы, Оңтүстік Шығыс Азия, Шығыс Еуропа аймақтарында қалыптасқан сыртқы саясат доктриналары негізінде талданып, отандық ғылыми дискурс негізде сараптамалық сипатта айқындалған. Көпвекторлы сыртқы саяси бағыт билік транзиті аясында құрылымдық сипатта қалыптасқандығы бойынша деректемелер негізінде дәлелденген.</p>
		<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Ұсынылған ережелер күрделі теориялық пайымдауларға негізделген және бұрынғы ғылыми тұжырымдарды қайталамайды. Олар халықаралық қатынастардағы жаңа әдіснамалық қырларды ашуға бағытталған. Диссертациялық жұмыс нәтижелері бірегей ерекшелікке ие. Ұсынылған тұжырымдар автордың жеке зерттеу нәтижелеріне сүйенген.</p>
		<p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Ережелер авторлық саралау негізінде қалыптасқан және халықаралық қатынастардағы «орта держава» мен «көпвекторлы сыртқы саясат» ұғымдарын жаңаша пайымдауға бағытталған. Халықаралық қатынастар ғылымына қосылған жаңа анықтамалық үлес ретінде қарастырылады.</p>
		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) шектеулі;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Ұсынылған ережелер мен тұжырымдар Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты шеңберінде ғана емес, сондай-ақ басқа да орта державалардың сыртқы саясаты талдау үшін қолдануға болатын әмбебап сипатқа ие. Олар халықаралық қатынастардағы теңгерімдеу стратегияларын тұжырымдау мен жобалауда кеңінен пайдалануға жарамды. Диссертацияның тұжырымдарын сыртқы саяси бағыт</p>

			бойынша шешім қабылдайтын акторлар үшін қажетті колданбалы қайнаркөз ретінде қарастыруға болады.
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Диссертацияның негізгі тұжырымдары автордың жарияланған ғылыми мақалаларында тиісті дәлелдемелермен негізделген. Мақалаларда теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік материалдар арқылы ережелердің ғылыми дәлдігі расталған. Мақалада қамтылған тұжырымдамалар диссертация мазмұнымен үндес: 1. Nyshanbayev N.K., Tarman B., Tolen Zh., Samay A., Agybai Zh. The Republic of Kazakhstan's multi-vector foreign policy: Re-evaluation under president Tokayev // Kasetsart Journal of Social Sciences. – 2024. – Vol. 45, No. 3. – P. 915–924; 2. Nyshanbayev N., Bekov K., Alipbayev A., The Republic of Kazakhstan's multi-vector foreign policy, New Perspectives. - 2024, 33(1).
8.	Дәйектілік қағидаты: Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыста қолданылған әдіснамалық негіздеме нақты көрсетілген және зерттеу мақсаттарына толық сәйкес келеді. Қайнаркөздер мен ұсынылған деректер дәйекті, ғылыми талаптарға сай пайдаланылған. Зерттеудің әдіснамалық негізі сапалық әдістерге сүйенеді. Диссертацияны жазу барысында халықаралық қатынастар жүйесіндегі көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасын талдауда ретроспективті, салыстырмалы талдау әдістерімен қатар, ресми мемлекеттік құжаттарға мазмұндық сараптама (content analysis), көпвекторлы саясаттың мемлекеттік құрылым үшін тиімділігін анықтау барысында SWOT сараптама қолданылды. Қазақстан Республикасы сыртқы саясаты қалыптасуындағы эволюциялық ерекшеліктерді анықтауда мақсатында, аймақтағы өзге акторлардың сыртқы саяси бағдарының тиімділігін саралау барысында ретпроспективті салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Қазақстан Республикасының Сыртқы саяси тұжырымдамасының (2005 жж., 2014-2020 жж., 2020-2030 жж.) мазмұнын түйін сөздер арқылы мазмұндық талдау

			<p>жасалды. Нәтижесінде, сыртқы саясат тұжырымдаларындағы құндылықтар негізі айқындалды.</p>
		<p>8.2 Диссертациялық жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және талдамалау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу барысында мәліметтерді жүйелеу, салыстыру және талдау үшін заманауи компьютерлік технологиялар мен сараптамалық құралдар тиімді пайдаланылған. Ауқымды деректерді тиімді пайдалану мақсатында, NViO, ATLAS.ti бағдарламалары қолданылды. 20 000 сандық белгіден асатын мемлекеттік бағдарлама құжаттарындағы сөздер санын тиімді бағамдап, қолданылу мазмұны аясында жүйелі зерттеу аясында септігін тигізді. Аталмыш бағдарламалар, автор үшін құрал қызметін ғана атқарды. Қорытылған деректерді сараптап, автордың тәуелсіз сараптамасы арқылы жүзеге асырылды. Аталмыш әдістер нәтижелердің дәлдігін арттырып, ғылыми пайымдардың сапасын қамтамасыз етеді.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, үлгілер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық қорытындылар мен үлгілік тұжырымдар нақты зерттеу материалдары негізінде дәлелденіп, салыстырмалы және талдамалық әдістермен расталған. Автор ұсынған тұжырымдар халықаралық қатынастардағы тәжірибелік деректермен үйлесімді.</p> <p>Диссертациялық зерттеу қорытындылары, Қазақстан Республикасы сыртқы саясатын академиялық сипатта зерттейтін ғалымдарға, зерттеушілерге, саяси шешім қабылдаушы тұлғалар мен халықаралық ұйым өкілдеріне саяси сараптама жасау барысында өз септігін тигізеді.</p> <p>Диссертациялық еңбек ауқымында қол жеткізілген нәтижелер, отандық ғылымынан тыс, шетелдік сараптамалық ауқым аясында зерттеуге үлес қосады. Автор, диссертациялық жұмыс аясында халықаралық қатынастар жүйесіндегі көпвекторлық сыртқы саясат тұжырымдамасына ғылыми әдістемелік тұрғыдан үлес қосып, академиялық алаңда ғылыми талқылауға ықпалын тигізген.</p>

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыстағы негізгі тұжырымдар мен маңызды мәлімдемелер халықаралық және отандық ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы жан-жақты негізделген. Сілтемелер өзекті, беделді дереккөздерден алынған және зерттеу мазмұнымен тығыз байланысты. Негізгі қорытындылары көптеген отандық және халықаралық нақты және сенімді деректер базаларына сүйене отырып расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Диссертация тақырыбы аясындағы ғылыми әдебиеттерге ауқымды шолу жасалған. Жалпы көлемі, 220 ғылыми әдебиеттер жүйелі қолданылған. Әдебиеттер ішінде халықаралық ұйымдардың есептері, классикалық ғылыми еңбектер, халықаралық қатынастардың классикалық және сыни теориялары бойынша жарияланған әдебиеттер тиімді әрі жүйелі пайдаланылған. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасын анықтаудың нәтижесінде, батыстық ғылыми әдебиеттерде сенімді ғылыми еңбектер қолданылған. Халықаралық саяси бағдардың трансформациясы мен өзгерісі аясында, мемлекеттің сыртқы саясатында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы еткен терең теориялық, пәнаралық сипатқа ие ғылыми әдебиеттер қажетті деңгейде қолданыс тапқан. Сондықтан, ғылыми әдебиеттерге жасалған шолу ауқымды, жеткілікті деңгейде деп есептеймін.
9.	Тәжірибелік құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	Диссертациялық жұмыс халықаралық қатынастар теориясын қамтитын ауқымды ғылыми ұғымдық негіздер мен пайымдар ұсынылады. Әсіресе «орта держава» мен «көпвекторлы саясат» ұғымдарын тұжырымдамалық сипатта, теориялық пайымдау арқылы зерттеудің айқын теориялық маңызы байқалады. Зерттеу жұмысында, алғаш рет отандық халықаралық қатынастар ғылымында, Қазақстан Республикасы мысалында көпвекторлы сыртқы тұжымдамасының анықтамасы, ғылыми теорияларға сүйене отырып айшықталды.

		<p>9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу нәтижелері сыртқы саясатты талдау, жобалау және қабылданатын стратегиялық маңызды шешімдерді негіздеу барысында қолдануға болады. Тұжырымдамалық тұрғыда, көпвекторлы дипломатияны жүзеге асыратын мемлекеттер үшін ұсынымдар тәжірибелік құндылыққа ие.</p> <p>Тәжірибелік зерттеу нәтижелері, халықаралық саяси жүйенің өзгеруі барысында, қалыптасу барысындағы жүйенің ерекшеліктері мен заңдылықтары аясында Қазақстан Республикасының әлемдік саясаттағы орны мен маңызын жүйелі айқындайды. Зерттеу қорытындыларын отандық саяси акторлар тарапынан саяси шешім қабылдау барысында, Қазақстан Республикасының дипломатиясын ғылыми сипатта зерттеу барысында қолдану мүмкіндігі жоғары.</p>
		<p>9.3 Тәжірибелік ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған тәжірибелік ұсыныстар халықаралық қатынастар ғылымында көпвекторлы саясатты жүзеге асырудың баламалы тәсілдерін ұсынады және ғылыми айналымда сыни теорияларға негізделген әдістемелік көзқарастарға негізделген. Автор Қазақстанның сыртқы саяси бағытын ескере отырып, орта держава мемлекеттеріне тән теңгерімдеу стратегияларын жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар жасайды.</p> <p>Аталмыш ұсыныстар ғылыми тұрғыдан негізделіп, сыртқы саясатты стратегиялық жоспарлау мен іске асыру барысында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы академиялық талаптарға толық сәйке, тілі ғылыми стильге сай, нақты әрі жүйелі. Терминологиялық тұжырымдар дұрыс қолданылған, мәтін құрылымы логикалық ретпен ұйымдастырылып, сілтемелер мен ресімдеу құрылымы академиялық талаптарға сай орындалған. Еңбек мемлекеттік тілде жазылғанына байланысты, халықаралық қатынастар ғылымында жалпы қалыптасқан шетелдік терминологияны мемлекеттік тілге сәтті аударған.</p>

11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Зерттеу жұмысы жүйелі сипатта жазылғанына қарамастан, атап өтуге тұрарлық ескертпені қажет етеді. Автор, көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасымен қатар, «орта держава» тұжырымдамасын ғылыми дәйекті түрде талдайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыс аясында Қазақстан Республикасының «орта держава» тұжырымдамасы ретінде 4 фактор автор дербес анықтаған:</p> <p>а) көпвекторлы сыртқы саяси бағдары;  ә) шет елден келетін тікелей инвестиция көлемі;  б) халықаралық бастамалары;  в) аймақтық және жаһандық қақтығыстарды шешудегі арағайындық әрекеттерін баса көрсеткен.</p> <p>Алайда, халықаралық тәжірибедегі «орта держава» ұғымын, әлемдік ақыл-ой орталықтарының зерттеу есебіне сілтеме жасап көрсеткенімен, орта держава ұғымын анықтайтын басты талаптарды, анықталу әдіснамасы айқындалмаған. Егер де, орта держава тұжырымдамасы бойынша, оның қалыптасу, анықтау талаптары және әдіснамасын толықтай айқындалса, диссертациялық еңбектің сапасы толыққанды деп атап өтуге тұрарлық.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми пікір берушілер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		

13.	Ресми пікір берушінің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми жаңашылдығы, теориялық негізділігі және тәжірибелік маңыздылығы тұрғысынан қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері халықаралық қатынастар теориясы мен Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мәселелерін терең әрі жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Жоғарыда келтірілген бағалау мен негіздемелерге сүйене отырып, Нышанбаев Нурболат Қайратовичке «8D03105 – Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.
-----	--	--	---

Ресми пікір берушілер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту

Ресми пікір берушілер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі

Ресми пікір беруші:

6D020200 - «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.), Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің профессоры





Мұқан С.М.